

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әскери қызметшілердің және әскери қызметтен босатылған адамдардың әлеуметтік жағынан қорғалуын күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі N 828 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 2 шілде 1992 ж. N 568. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әскери қызметшілердің және әскери қызметтен босатылған адамдардың әлеуметтік жағынан қорғалуын күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі N 828 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылғы I маусымнан бастап әскери қызметшілердің қолданылып жүрген лауазымдық жалақыларының мөлшері (ондаған сомға дейін ыңғайлап) 80 процент арттырылсын.

2. 1992 жылғы I маусымнан бастап әскери қызметшілердің әскери атақтары (мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінен басқа) бойынша жалақылары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. 1992 жылғы тамыздан бастап бұрын офицер құрамдағы адамдарға, мерзімнен тыс қызметтің прапорщиктеріне, мичмандарына, әскери қызметшілеріне және олардың отбасыларына тағайындалған зейнетақы мөлшері осы қаулының 1 және 2 тармақтарына сәйкес белгіленген ақшалай үлестің орташа деңгейіне қарай өсірілсін.

4. Осы қаулының күші Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің, шекара және ішкі әскерлерінің, Республикалық ұланның, Қазақстан Республикасы Мемлекет хауіпсіздігі комитеті мен басқа да арнаулы әскери бөлімшелердің әскери қызметшілеріне, адамдардың аталған санаттарының зейнеткерлеріне және олардың отбасыларының мүшелеріне қолданылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі

№ 568 қаулысына
Қосымша

Мерзімнен тыс қызметтің әскери қызметшілерінің,
прапорщиктердің, мичмандардың және офицер құрамдағы
адамдардың әскери атақтары бойынша
жалақылары
(Кесте)